




3-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Авторлық құқық объектілері





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқық объектілері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

1988 жылы қабылданған Авторлық құқық, дизайн және патент туралы заңда (CDPA) қорғалатын туындылардың жан-жақты әрі егжей-тегжейлі тізімі берілген. Туынды авторлық құқықпен қорғалуы үшін, Заң бойынша ол келесі сегіз санаттың біріне сәйкес болуы қажет: (i) әдеби туындылар; (ii) драмалық туындылар; (iii) музыкалық туындылар; (iv) өнер туындылары; (v) фильмдер; (vi) дыбыс жазбалары; (vii) эфирлік және кабелдік хабар тарату; және (viii) жарияланған басылымдар (немесе типографиялық туындылар). Аталған туындылар санатының анықтамалары Еуропа Сотының сот практикасы мен прецеденттік құқықта жан-жақты қамтылған.

Біріншіден, құқықтық категориялар авторлық құқықпен байланысты объектілермен ылғи сәйкес келе бермейтінін атап өткен жөн. Есесіне, жекелеген материалдық нысандар құрамында түрлі авторлық туындылар болуы мүмкін. Мысалы, кітапта немесе газетте әдеби туынды, өнер туындысы және типографиялық әрлеу жұмысы тоғысады; өнер туындысының құрамында (мысалы осы кітап мұқабасындағы Superflex сияқты) әдеби және визуалды компоненттер болуы мүмкін. Екіншіден, британдық авторлық құқық туралы заңымен қорғалған барлық объектілер «туындылар» деп аталады. Бұл азаматтық құқық жүйелеріндегі ережелерге мүлдем кереғар, айталық, «авторлық құқық» (немесе *droits d'auteur*) мен «сабақтас құқықтар» немесе ұйымдық туындылар (*droits voisins*) арасында айырмашылық бар деп қарастыратын Франциядағы жүйені атап өтсек болады. Авторлық құқық, әдетте, әдеби, драмалық, музыкалық және мөнер туындыларын қамтыса, сабақтас құқықтар дыбыс жазбаларына, трансляцияларға және орындаушыларға тиесілі. Бұл айырмашылық халықаралық конвенциялардан да көрінеді: 1886 жылғы Берн конвенциясы «авторлардың құқығы», ал 1961 жылғы Рим конвенциясы «сабақтас құқықтарды» қорғайды. ЕО заңына сәйкес, «сабақтас құқықтар», әдетте «аралас құқықтар» деп те жіктеледі.

Сот шығарған прецеденттік құқықтың Ұлыбританияға әсерін сөз қылғанда, Еуропа соты зияткерлік өнім қорғалуы тиіс пе деген шешім қабылдау барысында қандай критерийге сүйенетінін түсіну аса маңызды. Компьютерлік тіл қорғала ала ма дегенге ұйғарымын айтқанда, ол, объектіні «ақыл-ой әрекетінің жемісі» деуге келмейді; «Берн конвенциясының 2(1)- бабындағы мағына бойынша авторлық құқықпен қорғалатын туынды әдеби немесе көркемөнер туынды болу керек екені айдан анық. «Ғылыми теория» - ақыл-ой әрекетінің жемісі болуы мүмкін, бірақ ол туынды емес деп түсіндірді Арнольд Дж. Нәтижесінде, ол, өзінің шартты көзқарасы бойынша, компьютер «тілі» «мағыналы сөзжасамдар мен оларды танудың ережелер жүйесі» болып табылатын (сөздіктегі мысалдармен салыстырғанда), туынды ретінде танылмайды деп мәлімдеді.

Осынау жалпылама көзқарасты есте ұстап, енді авторлық құқық мойындаған туындылардың сегіз түріне жеке-жеке тоқталайық. Еуропа Сотының соттық практикасының салдары толық айқындалмайынша, бұл санаттар авторлық құқыққа қатысты кез келген талаптың тірек нүктесі болып қала береді. Тіпті, Арнольд Дж. айтпақшы, барлық «ақыл-ой әрекетінің жемісін» қорғау міндеті жалпыға ортақ қабылданса да, ең алдымен, бұл қолданыстағы заң тілін интерпретациялау арқылы жүзеге асады.

Әдеби туындыларды рұқсатсыз репродукциялау 1710 жылдан бері тыйым салынған болатын. 1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңның 3(1)-бөлімінде әдеби туындыларға былай деп анықтама береді: жазбаша, ауызша және әнмен орындалатын (а) құрамына кесте немесе компиляция (бірақ дерекқор емес), (ә) компьютерлік бағдарлама, (б) компьютерлік бағдарлама дизайнына дайындалған материалдар (в) мен мәліметтер базасы кіретін, драмалық және музыкалық туындыдан басқа кез келген туынды.

Бағдарламамен қамтамасыз ету туралы Директивада анық көрсетілгендей, әдеби туындылар, сондай-ақ, авторлық жұмыстар санатына да кіреді.

Әдеби туындылар тек әдеби шығармалармен ғана шектелмейтінін атап өткен жөн, олардың қатарына басылым күйінде немесе жазбаша формада жүзеге асқан (музыкалық және драмалық шығармалардан басқа) барлық туындылар кіреді. Ал, ауызша туындылар да әдеби туындылар саналатынын ескерсек, еркін әңгімелесулер, интервьюлер сияқты өзге де дүниелер қорғалуы мүмкін.

Әдеби туындылардың мәнін анықтау туралы мәселе, көбінесе «ақпарат» немесе «нұсқаулық» беретін туындыларға қатысты туындады. Бұл істерде туынды ақпарат немесе нұсқаулық беруі үшін ол ұғынықты мағына жеткізе алуы тиіс деп нақтыланды. Сондай-ақ, шифрлар, математикалық кестелер, стенография жүйелері мен Брайль каталогтары белгілі бір мағынаны беретіндіктен, әдеби туынды ретінде танылады. Туынды еш мағлұмат бермейтін басқа жағдайдың бірі – ойдан шығарылған атаулар. Мысалы, компанияның атауы ретінде қойылған «exxon» сөзінен ешқандай мағлұмат біле алмайсың, сондықтан ол әдеби туынды ретінде қорғалған жоқ.

Атаулар мен тақырыптар жазбаша немесе баспа формасындағы сөз бола тұра, Біріккен Корольдіктер



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқық объектілері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

(өзге де елдер сияқты) оларды әдеби туынды ретінде қорғаудан бас тартады. Сондықтан Esso Petroleum фирма атауы ретінде ойлап тапқан еххон сияқты сөздер әдеби туынды ретінде авторлық құқықпен қорғалмайды. Өйткені, аталған сөз жазбаша формада болғанмен, ол «қандай да бір мағлұмат, нұсқаулық немесе рухани ләззат» бермейді. Сол секілді Еуропа соты «жекелеген сөздер оларды қолданатын автордың ақыл-ой еңбегінің жемісі саналмайды» деп мәлімдеді.

Атаулардың әдеби туынды ретінде авторлық құқықпен қорғаудан тыс қалуының бірқатар саяси себептері бар. Атаулар мен тақырыптардың қорғалмауы жекелеген тұлғаның белгілі бір сөздер мен фразалардың қолданылуын бақылауға алуынан туындайтын қолайсыздықтармен байланысты болуы мүмкін. Шын мәнінде, егер бизнес комментаторлары мен саяси белсенділер (айталық, радио бағдарламаларда, газет бетінде немесе сайлауалды жарияланымдарында) мұнай конгломераты туралы сөз қозғағанда, еххон терминін алдын ала рұқсатсыз қолдана алмаса, тіптен қолайсыз, абсурд жағдай болар еді. Тақырыптарға да осы ұстаным қолданылды.

1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңның (CDPA) 3(1)(a)-бөлімінде әдеби туындылардың қатарына (дерекқордан басқа) «кестелер немесе компиляциялар кіретіні нақты көрсетілген. Дерекқор туралы ЕО Директивасына сәйкес, «дерекқор» дегеніміз – әдеби туындылардың бірегейлігіне айрықша талап қойылатын басқа бір типі.

Компьютерлік бағдарламалар авторлық құқықпен, патент құқығымен қорғалуы керек пе, әлде sui generis режимімен реттеле ме деген мәселе төңірегінде ұлттық және халықаралық деңгейдегі қызу талқылаулардан кейін 1980-жылдары компьютерлік бағдарламалар әдеби туында ретінде қорғалуы тиіс деген ұйғарымға келді. Заң «компьютерлік бағдарлама»45 деген не екенін анықтамаса да, оған бастапқы код,46 жинақтау коды және нысандық код кіретіні анық. Сонымен қатар, «компьютерлік бағдарлама» software (бағдарламалық қамтым) сөзімен синоним емес екені анық.

Британ заңын Бағдарламалық жасақтама туралы директивамен сәйкестендіру үшін компьютерлік бағдарламаларды жобалауға арналған дайындық материалдары әдеби туындылар туралы жалпы анықтама аясына енгізілді.

Бұрынырақ айтып өткеніміздей, Дерекқор туралы директива шарттарын орындау мақсатында «дерекқорды» әдеби туындылардың айрықша бір класы ретінде енгізу үшін 1998 жылдың 1-қаңтарынан бастап әдеби туынды анықтамасы өзгертілді.

Сондықтан, спорттық мәліметтер жиынтығын «дерекқор» деп танымауға ешқандай негіз жоқ. Ал заңда көрсетілген «тәуелсіз» алғышартына байланысты, Сот: бұл үшін құрамдас материал «бір-бірінің ақпараттық... немесе өзге де құндылығына нұқсан келтірмей ажыратыла алынатын» болуы керек деп түсіндірді. Сонымен бірге, Сот бұл жекелеген футбол матчтарының кестесі осы түсінікке саяды, өйткені олардың әрқайсысының «мүдделі үшінші тараптарға қажетті мағлұмат» беретін «автономды ақпараттық құндылығы бар» деп атап өтті. Сот, сонымен қатар, материалдар жекелей түрде қолжетімді болуы үшін «жүйелі және әдістемелік тұрғыдан ұйымдастырылуы тиіс» деген талабына түсініктеме берді. Соттың мәлімдеуінше, іздеуге техникалық құрал немесе индексация, мазмұн, жоспар немесе классификация сияқты өзге де амалдары болуы тиіс.

Осы анықтамаларға сүйенсек, өлеңдер жинағындағы бір авторға тиесілі өлеңдер «тәуелсіз» және «жекелей қолжетімді», демек ол – дерекқор болып табылады. Әрбір өлеңнің өзіндік құндылығы бар, әрқайсысы бөлек оқылады. Осыдан картадағы мәліметтер «тәуелсіз» бе деген сұрақ туындауы мүмкін, өйткені мәліметтің мәні мен құндылығы картадағы өзге ақпаратпен қарым-қатынасына байланысты емес пе. Еуропа соты мұның әдетте солай болатынын мақұлдады. Электронды құралдардың көмегімен қолжетімді дерекқорды жасақтауға және қолдануға пайдаланылатын компьютерлік бағдарлама дерекқор құрамына кірмейді.

Осыған орай, мынадай сұрақ туындайды: мультимедиялық туынды тұтастай алғанда дерекқор ретінде қорғала ма? Дерекқор, материалдың типіне қарамастан, «туынды мәліметінің немесе басқа да материалдардың жиынтығы» деп анықталатынын ескерсек, мультимедиялық туындыны дерекқор ретінде тануға ешқандай кедергі жоқ.

1988 жылы қабылданған Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңда «драмалық туынды» тек оның құрамына би мен пантомима кіретінінен басқа, оған тиянақты анықтама бермейді. Алайда, драмалық туындының құрамына (театрға, киноға, телевизияға немесе радиоға арнап жазылған) фильм немесе пьесаның сценарийі және хореографиялық туындылар сценарийлері кіретіні анық.

«Біртұтастық» талабы бойынша интерактивті видеоойындар «драмалық туындылар» саналмайды.

Еуропадағы елеулі өзгерістерге орай форматтарды авторлық құқықпен қорғауды қайта қарастыру



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқық объектілері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

қажет пе деген сұрақ тууы мүмкін. Егер формат құр «идеядан» жоғары, «ақыл-ой еңбегінің жемісі» болса, Еуропа Соттың қазіргі прецеденттік құқы бойынша ол әртүрлі әрекеттерден, соның ішінде репродукция жасаудан қорғалады.

1988 жылы қабылданған Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы Заң музыкалық туындыларды да қорғайды. «Музыкалық туынды» дегеніміз – «құрамына музыкамен бірге әндетілетін, айтылатын немесе сүйемелденетін сөз немесе іс-қимылдар кірмейтін, тек қана музыкадан тұратын туынды». Демек, сөз бен ән сазы және осыған ұқсас туындылар әртүрлі авторлық құқықтың объектісі ретінде қарастырылады. Сондықтан ән музыкалық туынды мен әдеби туындылардың қосындысынан: мелодия мен лирикадан тұрады.

... музыканың мәні тыңдауға арналған дыбыстар үйлесімінде жатыр. Музыка жай ғана шу емес. Музыка дыбысы тыңдаушының интеллектісі мен эмоциясына қандай да бір әсер етуге бағытталған. Дыбыстар аспаптардың музыкалық партитураға қарап аспаптардың үйлесімді ойнауымен шығарылуы мүмкін, дегенмен музыка үшін және оның авторлық құқығы үшін ең бастысы бұл емес. Жауапкер өз уәжінде музыканың авторлық құқыққа тек түпнұсқа ноталар ғана маңызды деп қате ойлапты; Апелляциялық Соттың пікірінше, дыбыстың орындалуында үлесі бар темп, орындау шеберлігіндегі жетімді тұстары да музыкамен бірдей.

Апелляциялық Сот «шуды» «музыка» санатына анық қоспағанмен, «үнсіздік» музыка бола ала ма деген даулы сұрақты жауапсыз қалдырды. Газет хабарламасына сүйенсек, дәл осындай «үнсіздік» туындысына дау-дамай ақыры өзара мәмілеге келуге – алты таңбалы саннан тұратын көлемді ақыны төлеуге себеп болған. Сөз болып отырған туынды – 1950-ші жылдары Джон Кейдж атты авангардшы композитор жазған 4' 33' атты үнсіздік шығармасы Шағымдануға классикалық поп-фьюжн стилінде ән айтатын The Planets тобының дыбыс жазбасына 60 секундтық үнсіздікті қосуы негіз болды. Топтың бір мүшесі бұл Кейдждің шығармасынан да асып түскенін, өйткені оның 273 секундта жеткізгісі келгенін 60 секундқа сыйғызғандарын мәлімдеді!

Авторлық құқықпен қорғалатын төртінші санат – өнер туындылары. 1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңның 4(1) бөлімінде «өнер туындылары» ретінде қорғалатын нысандардың толық тізімі берілген. Олар өзара үш түрлі санатқа жіктеледі: (i) көркемдік сапасының қандай екеніне қарамастан, графикалық туындылар (оның ішіне кескіндемелер, сурет, диаграмма, карта, графика, диаграмма, жоба, жоспар, нақыш, нақыштама, литография, ағаштағы нақыштама немесе осы сынды жұмыстар), фотография (фильмнен басқа), скульптура немесе коллаж; (ii) ғимарат немесе нақты құрылым немесе оның моделі болатын сәулет туындылары; (iii) қолданбалы көркем өнер туындысы.

Заңның 4(1)(а)-бөлімінде белгіленген өнер туындыларының бірінші категориясына графикалық жұмыстар, фотографиялар, скульптуралар мен коллаждар кіреді. 4(1)(а)-бөліміндегі материалдар олардың көркемдік сапасына қарамастан қорғалатынын атап өткен жөн. Яки, шығарма белгілі бір туынды санатына енсе, оның қандай да бір эстетикалық стандартқа жеткен-жетпегеніне қарамай туындының авторлық құқықпен қорғалуына кепілдік беріледі. Нәтижесінде, өнер туындысының қайсысы жақсы не жаман екенін ажырату, жалпы осыған орайлас барлық проблеманы айналып өтеді.

Заңның 4(1)(а)-бөлімінде графикалық туындыларға «кескіндемені» қамти отыра арнайы анықтама берілген. Көбінесе «кескіндеме» дегеніміз не және ол өнер туындысына жата ма?» деген сұраққа орай мәселе туындады. Еш сұрақ туындатпай шешілген жағдайдың бірі – *Merchandising Corp. v. Harpbond* ісі. Онда поп-жұлдыз Адам Анттың бетіне жасалған макияж кескіндеме болатын, сондықтан ол өнер туындысы ретінде қорғалуы тиіс деп уәж айтылды. Апелляциялық Сот бұл дәйекті теріске шығарды, ал лорд-судья Лоутон: «Әркімнің бетіндегі макияж кескіндеме деп танылса, керемет емес пе» деп пікір білдірген еді. Сот кескіндеме үшін заттың беті талап етіледі, ал Адам Анттың бет-әлпеті бұл сипатқа сай келмейді, сонымен бірге, кескіндеме - идея емес, ол - объект. Сондықтан бояу заттың бетіне жағылмаса, кескіндеме саналмайды.

Лорд-судья Лоутонның пайымдауы біртүрлі көрінеді, Адам Анттың бетінің кенептен несі кем екенін түсіну қиын. Дегенмен кескіндеме ұзақмерзімді болуы тиіс деген ойға сүйенсек, сот шешімі орынды көрінеді. Олай болса денедегі татуаж қорғалып, ал макияж қорғалмас еді. Тура сол секілді тақырыпқа тұздық болып отырған макияж мұрыннан жаққа дейін сызылған екі жалпақ қызыл жолақтан пен оның ортасындағы көгілдір жолақтан тұратындықтан, оның жаңашылдық критерийіне сай келмейді деп айту қиын. Екінші жағынан, аталмыш шешімді идея мен экспрессияны қосылысы (оларға ешқандай қорғау берілмейді) деп қарастыруға болады. Еуропадағы соңғы өзгерістерге орай, соттар Адам Анттың ісіндегі сенімсіз дәйектемелерді қайта саралағаны жөн деген пікір айтылды Егер бетке салынған сурет немесе



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқық объектілері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

татуажды автордың өзі ойлап тапқан болса, Еуропалық заңға сәйкес қорғалы тиіс. Ал, британ заңы аясында оны жүзеге асырудың ең оңтайлы жолы – туындыны кескіндеме ретінде тану.

Заңның 4(1)(а)-бөліміне сәйкес қорғауға алынған өнер туындыларының келесі типі - «суреттер». Әдетте біз суреттер деп классификациялайтын адамдар мен ландшафттардың нобайына қоса, «қалай дауыс беру керек» карточкасындағы 106 колдың суреті, қаріп дизайндары 107, архитекторлардың жобалары (салынған ғимараттан өзгеше) және киім дизайнының эскиздері 108 авторлық құқықпен қорғалады. Қорғау «көркемдік сапасына қарамайтындықтан», суреттерге авторлық құқық өнеркәсіптік дизайндарды қорғауға да кеңінен қолданылады. Демек түгіндік, киви жемісін сақтауға арналған жәшік сияқты дүниелердің суреті заңмен қорғалады. Мұндай қорғау түрі дайын (үш өлшемді) артефактінің өзін көшіруге жиі кедергі келтіретінін айта кеткен жөн. Кейінірек байқайтынымыздай, 1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патен туралы заңның 51-бөліміне көркем туындыларға арналған дизайндармен салыстырғанда өзгешелеу үш өлшемді дизайндарға арналған суреттердің авторлық құқының маңыздылығын кемітті.

Гравюралар алғаш рет 1735 жылғы авторлық құқықпен қорғалды. Одан бері заң біршама жетілгенімен тосын өзгерістер көп бола қойған жоқ. Заңға сай гравюра, акватинта, ксилография, литография және сол сынды тағы да басқа сурет салу техникалары қорғалатын болды.

1840 жылы ойлап табылған соң көп ұзамай қорғауға алынғанына қарамастан, 115 авторлық құқық фотографияларға аса қолайлы бола қойған жоқ оның бір себебі – фотографиялардың «түпнұсқа» және «көшірме» парадигмаларымен үйлесімділігінде болса керек. 1988 жылғы заңда фотографияға «жарықты немесе басқа да радиацияларды бейне шығарылатын немесе кез келген жолмен бейне алынатын, және фильмнің бір бөлігі саналмайтын кез келген медиумға жазу».

Шебер жасалған «графикалық туындылардың» бас-аяғы мұнымен бітпейді, әлі атап-түстемеген кейбір жұмыстар өнер туындылары ретінде қорғалуы мүмкін.

Lucasfilm v. Ainsworth ісінде «шабуылшы» шлемінің пластиктен жасалған нұсқасы «скульптура» санала ма?» деген сауалдың жауабын табу үшін Жоғарғы Сотқа жүгінді. Аталған инстанция, өз кезегінде, судья Маннның көзқарасы мен оның шлем «скульптура» емес деген шешімін мақұлдады. Объектінің «скульптура» екенін бағалау «субъективті пайым жетегінде кеткенін» мойындай отырып, судья Манн бірнеше жетекші қағидаттарды айқындады. Ол қағидаттар арнайы тоқталуға тұрғанымен, бұл жерде біз бір ғана нәрсеге баса назар аударғымыз келеді: заңдық мағына скульптураның не екенін анықтайтын «қалыпты» түсініктен тым алшақтап кетпеуі тиіс. Сондықтан судья Манн өнер галереясында тұрмағанымен «скульптура» аталатын дүниелер болатынын, әйтсе де «скульптура» сөзінің қалыпты қолданысына «құрметпен қарап», оның үйреншікті мағынасынан алшақтап кетуден абай болу керек екенін ескертті. Сонымен қатар, оның көркемдік құндылығына ешқандай төрелік жасалмайтынын мәлімдеді. Судья Маннның жетекші қағидаттарында объектінің құрылымдық сипатына, дайындалу тәсіліне, ең бастысы, мақсатына мән береді. Объектінің сипатына келсек, судья Манн скульптураның «идеяның үш өлшемді үлгісі» болуы міндетті талап болғанымен, әрбір үш өлшемді құрылым скульптура болмайтынын анық жеткізді. Осыған ұқсас ол үлгінің оймышталуы және қолданылған материалы (мысалы, ағаш немесе тас) сияқты дайындау процесі шешуші болмағанмен, жанама факторларының бірі саналады: өйткені ағаштан ойылған бұйымның бәрі скульптура емес. Төктері, нағыз шешуші фактор - бұл процестің мақсаты. Декоративті мақсатта жасалмаған, таза функционалды зат немесе объект скульптура бола алмайды.

Оның түптеп келгенде, басқа мақсаттары бар немесе жоқ десек те, скульптураның негізгі мәні - оның көз тартарлықтай дүние болуында Туындыгердің мақсаты осы. (Бейнелеу өнері саласындағы) суреткер көзге көрнекті, тартымдылығымен таң-тамаша қылатын дүниені жасап шығаруға тырысады. Объектінің басқада нәрсеге қадеге жарауы ол енді скульптура емес дегенді білдірмейді, бірақ ол көрнекі бұйым ретіндегі өзіне тән қасиетінен айрылмауы тиіс. Осынау жетекші қағидаттарға жүгіне отырып, Судья Манн қарауына келген материалдардың ешқайсысы скульптура емес деп шешті. Оның пайымдаулары таңдандырарлық, сондықтан толыққанды дәйексөз келтірген жөн шығар.

Шлем фильм кейіпкерін айқындау, сонымен қатар осы кейіпкердің белгілі нышандарын – сенімділігін, күшін, қауіптілігін, мақсаты мен белгілі бір дәрежеде оның беймәлім бет-бейнесін әсірелеу үшін костюмнің бір бөлігі ретінде киюге арналған. Бұл – әрі костюм, әрі бутафор. Алайда ол, негізінен, практикалық мақсатта пайдаланылады. Бір нәрсенің образын бейнелеуді көздегенмен, ол практикалық қолданысқа арналған. Объект ретінде қызық көрінгенімен әрі әлдебір идеяны білдіруді көздегенімен, ол оны фильмдегі кейіпкердің образынан басқаша болу ниетімен ойластырылмады немесе жасалған жоқ. Дизайнерлік тұрғыдан тартымды бұйымның барлығы скульптура емес. Менің ойымша, егер бұл шлем



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқық объектілері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

скульптура санатына жатқызылса, онда скульптура туралы таным-түсінігіміз тым ауа жайылып кетеді. Мәселе оның көркемдік жағынан кемшіндігінде емес, көркемдік мақсат үшін жасалмағанында.

Алайда, «скульптура» атаулыға қатысты осы ескертпелердің барлығы жұмыстың қорғалғанын анықтауға келгенде, маңызын жоғалтуы мүмкін. Еуропа соты ЕО авторлық құқық туралы заңын үйлестіру үрдісін жалғастырса, объект «скульптураға» жата ма деген емес, ол «ақыл-ой еңбегінің жемісі» ме деген сауал алға озады.

1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңның 4(1)(b)- бөліміндегі өнер туындылары тізімінің екінші субкатегориясы - «сәулет туындылары». «Сәулет туындылары» дегеніміз – ғимарат немесе құрылыс моделі. 138 Ал, «Ғимарат». өз кезегінде «кез келген орнықты құрылым және ғимарат немесе орнықты құрылымның бір бөлшегі» ретінде анықталады. Сонымен қатар, сәулетші жобаларының экзисі де авторлық құқықпен қорғалатынын атап өткен жөн.

Көркемөнер туындыларының басқа түрлерімен салыстырғанда, сәулет туындылары «көркемдік сапасына» қарамастан қорғалуы керек деген талап жоқ. Демек, бұл әуелі объектінің сәулет туындысы саналатынын әлде саналмайтынын анықтаған кезде, оның көркемдік келбетіне де назар аудару қажеттігін білдіруі мүмкін бе. Алайда заңнама тарихы басқа деректі алға тартады: 1911 жылғы Заңда «көркемдік сапа» туралы талап болған, бірақ ол 1956 жылы алынып тасталған. Демек, заң шығару органы сәулет туындысы авторлық құқықпен қорғалуы үшін оның «көркем» болуы міндетті емес деп ұйғарған. Бұл Еуропа сотының практикасындағы қазіргі үдеріске сай келеді.

1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңның 4(1)(c)-бөліміндегі өнер туындыларының ең соңғы санаты – «көркем қолөнер туындылары». 1911 жылғы Авторлық құқық туралы заңда алғаш рет пайда болған туындылардың аталған санатының заңнамалық шығу тегі беймәлім.

Туынды «көркем», яғни шынайы көрікті немесе эстетикалық сапасы жоғары элементтері болса ғана «көркем қолөнер туындысы» ретінде танылады. Лорд Рейд: «Адам сол затқа қарағанда «ләззәт алса немесе қанағаттанса», оны көркемдік объекті ретінде қабылдауға болады» деді. Жоғары мәртебелі лордтың айтуынша, туындының көркемдігін анықтауға «қоғамның қандай да бір сүбелі бөлігі, шын мәнінде, объектіге тамсанып, сырт келбетін жоғары бағалай ма, оған қарап қандай да эмоциялық немесе интеллектуалдық қанағат сезіміне бөлене ме?» деген сауал критерий болмақ. 145 Сондай-ақ Лорд Рейд: «меніңше, әдемі көріну көркемдік келбет талабына толық жауап бермейді» деп ескертті.

Лорд Моррис: «Бұл орайда «көркемдік» сөзіне түсінік берудің еш қажеті жоқ» деді. Алайда ол «белгілі бір артефакті көркемдік бұйым санала ма?» деген сауал жеке пайымға сүйенетінін, сондықтан соттар пікір қарама-қайшылығына тап болуы мүмкін екенін мойындады. Сол себепті, Лорд Моррис: «сот көзқарастары құрметтеуге лайық адамдар осы тұрғыда жалпы пікір консенсусына келгеніне көз жеткізугі керек» деп мәлімдеді.

Ал, Лорд Килбрандонның пікірінше, қандай да бір объектінің немесе заттың өнер туындысы ма?» деген сұрақ автордың оны саналы түрде өнер туындысы ретінде жасап шығаруы ниетімен тікелей байланысты. «Қолөнер туындысы - көркемдік бұйым ба?» деген мәселені шешу, виконт Дилхорнның түсіндіруінше, сот нақты жауап беруі тиіс факт мәселесі болып табылады. Сол себепті, ол көркемдік деген сөздің мағынасын одан әрі нақтылауды құптамады. 150 Әйтсе де, оның айтуынша, туынды дизайнының сонылығына бола көркем өнер болмайды, бірақ ол функционалды бұйым бола көркемөнер туындысы саналуы әбден мүмкін.

Соттардың «қолөнерге» жарытымды анықтама бере алмауының бір себебі – «туынды қорғауға алынуы үшін міндетті түрде қолмен жасалуы қажет пе?» деген сұрақтың нақты болмауы.

«Көркем қолөнер туындысы» ұғымының аясына не кіретініне, не кірмейтініне егжей-тегжейлі әрі толыққанды анықтама беруден бас тартса да, Жоғарғы сот «қорғалған көркем қолөнер туындысын қарапайым өндірістік үлгіден ажырататын негізгі фактор – оның функционалдық шектеулері» деп қорытты.

Көркем қолөнер туындысының анықтамасын табу мәселесін шешудің, тым болмағанда объектінің мақсатын анықтайтын баламалы жолы – «ЕО авторлық құқық турал заңдарының үйлестерілген жүйесінде сапаны анықтаудың рөлі қандай?» деген сауалды алға тарту. ЕО заңы Ұлыбританиядан жай ғана интеллектуалдық шығармаларды қорғауды талап етіп қана қоймай, сонымен бірге, оның сапалық критерийлерді пайдалануына тыйым салады. 181 Бағдарламалық жасақтама туралы директиваның 8-інші декларативті бөлімінде туындының қорғаудың жалғыз критерийі - жаңашылдығы, сондықтан «бағдарламаның сапалық және эстетикалық қасиеттерін бағалауға ешқандай критерий қолданылмауы тиіс» деп көрсетілген.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқық объектілері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Авторлық құқықтағы «фильмдер» мен «кинофильмдерді» оңтайлы анықтамасын беру оңайға соқпады. Өйткені, мұндай өнімдер қомақты инвестиция мен шығармашылықтың (әсіресе режиссердің шығармашылық көзқарасының) жемісі саналады. Тағы бір себебі - фильм сценарийлер, музыка, декорация, костюмдер, орындаушылық өнер (және режиссура), кинематография т.б. көптеген компоненттерден тұрады. Үшіншіден, фильмге қосылған аталмыш үлестердің кейбірі жекелей қорғалған болуы мүмкін, бірақ фильм, тұтастай алғанда, «осы бөлшектердің қосындысынан» да зор дүние саналады.

1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңға сәйкес, Ұлыбритания заңы «фильмді» жеке санатқа жатқызады. Бұл ұғым заңда «динамикалық бейне кез келген жолмен алынатын, кез келген тасымалдаушыға таспаланған жазба» деп анықталады.

Аталған құқықтармен салыстырғанда, Мерзім және Сабақтас құқықтар туралы ЕО директивалары кинофильмдерді қорғаудың екі түрлі объектісін бөлек қарастырады: біріншісі – «кинематографиялық және аудиовизуалдық туындылар»; екіншісі – «фильмдер» немесе «видеограммалар» деп аталатын динамикалық бейнелердің фиксациясына байланысты сабақтас құқықтар. 188 Бірінші санаттағылар (әдеби немесе көркемөнер туындылары сияқты) авторлық туындылар болып табылады, сондықтан оларға жаңашылдық, бірегейлік талабы қойылады және авторлық құқықпен қорғау мерзімі бас режиссердің немесе сценарий, диалог және музыка авторы дүниеден өткеннен кейін 70 жылға дейін жалғасады.

Өкінішке қарай, Біріккен Корольдіктер аталған Директиваларды тікелей енгізуге тырысқанымен, Ұлыбритания заңына біршама өзгерістер жасауға тура келді. Нәтижесінде, 1988 жылғы Заңда негізінен «аралас құқықтарға» жататын бір ғана туынды категориясы – «фильмнің» авторлық құқығы мойындалды. (Әйтседе, ЕО директиваларымен сәйкес болуы үшін авторлық пен қорғау мерзімі өзгертілді).

Фильмнің саундтрегі оны құрамдас бөлігі ретінде танылады. Кейін байқайтынымыздай, саундтректің жекелеген дыбыс жазбасы ретінде танылмауының еш себебі жоқ. Бұл ұғымдарды шатастыру проблемасына алып келеді. 1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңның 5B(3)(a) және (b)-бөлімдері фильм көрсетіліміне фильмде қолданылатын саундтректі ойнату да кіреді, ал дыбыс жазбасын ойнатуға фильмдегі саундтректі ойнату кірмейді деп екеуінің аражігін анықтап берді.

1988 жылғы Заңның 5A(1)-бөлімі бойынша дыбыс жазбаларына:

(a) «ойнатылатын дыбыс жазбалары, немесе

(b) тасымалдаушының типіне немесе дыбысты жазу немесе ойнату әдісіне қарамастан, толықтай немесе жартылай ойнатуға арналған әдеби, драмалық немесе музыкалық шығарманың толықтай немесе жартылай жазбасы» деп анықтама беріледі.

Осылайша, анықтама аясына фонограмма таспаланатын винил пластинкалары, кассеталар, компакт-дискілер, цифрлық аудиокассеталар және mp3 кіреді.

Фонограмманың заңдағы анықтамасына «дыбыстың» болуын талап етеді, ендеше жазылуына қанша күш-жігер жұмсалғанына қарамастан, шамасы, жалғыз дыбыс авторлық құқықпен қорғалмайды. Осыған орай, фонограмманың шекті деңгейін анықтауға бірқатар қызықты сұрақтар туындады.

Трансляциялар, мейлі ол бейне немесе дыбыс болсын, авторлық туынды ретінде 1956 жылғы Авторлық құқық туралы заңға енгізілген. Одан кейін 1961 жылғы Рим конвенциясында аралас құқықтарға сәйкес қорғалатын объекті ретінде бекітілді.

Трансляцияларды «қоғам мүшелеріне» бір мезгілде қабылдайтындай» транмиссия жасау туралы шектеу телефон шалу, факс немесе электронды хаттар алмасу арқылы жүретін адамдар арасындағы тікелей транмиссияларды, сонымен қатар жекеменшік желілерді (айталық, компанияның «интранетін») құқықтық қорғау аясына қоспайды, өйткені бұлар қоғам мүшелерінің жаппай қабылдауына арналмаған.

6 (1A) (b)-бөліміндегі екінші ереже «тікелей эфирдегі уақиғаны параллель беретін» Интернет транмиссияны трансляция қатарына қосуға мүмкіндік береді. «Параллель» термині Интернет транмиссия «тікелей эфирдегі уақиғамен» бірдей уақытта болуы керектігін білдіреді, сондықтан крикет матчы немесе поп-концерттің Интернет арқылы таратылуы осы ұғым аясына кіреді. Авторлық құқықпен қорғалатын туындылардың соңғы санаты – жарияланған басылымдардың типографиялық безендірілуі) Туындылардың бұл санаты Біріккен Корольдіктерде 1956 жылы алғаш рет енгізілді және бұл британдық және британдықтар ықпалындағы авторлық құқық жүйесінің (халықаралық режимі қатысы) ерекшелігі болып қалды 210 «Жарияланған басылым» дегеніміз – «бір немесе бірнеше әдеби, драмалық немесе музыкалық туындылардың кез келген бөлігі немесе тұтастай жарияланған басылымы».